

Атасу кенті Қарауылтөбе көшесіне еңбек ардагері Баян Халетұлы Күжікеновтың атын беру туралы

Бірлескен Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 268 қаулысы және Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 2009 жылғы 07 қыркүйектегі N 18/164 шешімі. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 қыркүйекте N 8-12-60 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12 бабының 5-1 тармақшасының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы туралы" N 45 Қаулысының, 2007 жылғы 12 наурыздағы аудандық ономастикалық комиссияның N 8 ұйғарымы негізінде аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** және аудан әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Атасу кентінің Қарауылтөбе көшесіне еңбек ардагері Б. Күжікенов аты берілсін.
2. Жаңаарқа аудандық Мәслихатының 2007 жылғы 22 қарашадағы IV-сессиясының "Атасу кентінің Қарауылтөбе көшесіне еңбек ардагері Баян Халетұлы Күжікеновтың атын беру туралы" N 4/36 шешімінің күші жойылсын.
3. Осы шешімнің орындалысын қадағалау аудандық Мәслихаттың халықты әлеуметтік қорғау және заңдылықты сақтау жөніндегі тұрақты комиссияға т а п с ы р ы л с ы н .
4. Осы бірлескен шешім мен қаулы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Х. Омаров

Аудандық Мәслихаттың кезектен тыс

XVIII-ші сессиясының төрағасы

Ж. Рыспеков

Аудандық Мәслихаттың хатшысы

Д. Жұмасейітов